

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

*Құрметті білім ұйымының басшылары!
Техникалық және кәсіби білім ұйымының
директорлар Кеңесінің төрағалары/төрайымдары!
Жалпы білім мектептерінің еңбек мұғалімдері, ата-аналар!
Әлеуметтік серіктестер - жұмыс берушілер, балалар және жастар
бірлестіктерінің көшбасшылары!*

Кімді денсаулық проблемалары, балалар және қоғамдық тамақтану орындарының сапасы мен әдемілігі, жастардың кәсіби дайындығын жетілдіру және біздің сүйікті Отанымыз - Қазақстан Республикасының игілігі мен гүлденуі үшін мектеп, колледж, жоо түлектерінің толыққанды еңбектенуіне жағдай жасау мәселелері толғандыратындардың назарына!

"ЖҰЛДЫЗ" БҚҰО ҚБ Қазақстан Республикасы кулинарлар Ассоциациясымен бірлесіп, ҚР БҒМ БҚКК, Ақмола облысы білім басқармасының, "Нұр Отан" партиясының, "КӘСІПҚОР холдинг" ҰАҚ ұйымдастырушылық-идеологиялық қолдауымен 2016 жылы 17-18 қарашада Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған "Жастардың сүйікті Отанына жетістігі!" ұранымен «ГУРМАН-2016: Ас дәмді болсын» VIII республикалық жас кулинарлар чемпионатын өткізеді.

Балалар және жастар қоғамдық бірлестіктерін, көшбасшыларды, үйлестірушілерді, кәсіби оқу орындарының жастар істері бойынша комитетінің өкілдерін, жастар ресурстары орталықтарын, педагогтарды, өндірістік оқудың шеберлерін, ұстаздарды, ата-аналарды, жұмыс берушілерді, сонымен қатар жоғары кәсіби шеберлікке, тәжірибе алмасуға, шығармашылық шабытқа ұмтылатын, тамақтану және қонақжайлылықты ұйымдастыруда жетістіктерімен бөліскісі келетін жас маман-кулинарларды, болашақ КӘСІБИ жоғары кулинарлық өнердегі барлық достарды қатысуға шақырамыз!

ГУРМАН - 2016: Ас дәмді болсын!» VIII Республикалық кулинарлар чемпионаты Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы "Көкшетау қаласының №1 құрылыс-техникалық колледжі" КММ базасында өткізіледі. (Абылай-Хан д-лы, 1 а).

Қатысуға өтінімді чемпионатты ұйымдастырушы Комитетке 2016 жылдың 15 қарашасына дейін sdoozhuldyz@mail.ru, dea_ast@mail.ru электрондық поштасына жолдаңыз.

Анықтамалар мына телефондар бойынша: Астана қаласында: тел/факс (8 717 2) 21 74 22; Көкшетау қаласында: тел./факс(8 7162) 50 25 91, 72 12 26.

**Сот: +7 701 533 70 28 (Дмитриенко Елена Александровна),
+7 7052265602 (Пятков Александр Сергеевич. немесе sdoozhuldyz@mail.ru,
dea_ast@mail.ru электрондық поштасына.**

чемпионат туралы толық ақпаратты "Жұлдыз" БҚҰО ҚБ www.zhuldyz.kz сайтынан немесе "ГУРМАН-2016" слетін ұйымдастырушы Комитеттен алуға болады.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ КОМИТЕТ

бағыттағы балалар және жастар қоғамдық бірлестіктерінің презентациясы;

- қоғамдық тамақтану ұйымдарының сапалық көрсеткіштерінің маңыздылығын жоғарылату;
- білім, курстық дайындық жүйесінде болашақ кулинарларды кәсіби дайындауда озық тиімді технологияларды анықтау, олардың бұқаралық практикаға енуіне ат салысу;
- кәсіби оқу орындарындағы қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік серіктестерімен және жұмыс берушілермен іскери қарым-қатынасын дамыту және нығайту;
- кәсіби бағыттағы жастар бірлестігінің көшбасшыларын "Жұлдыз" БҚҰО ҚБ шығармашылық жобаларына қатысуға тарту.

Юниорлар чемпионатына қатысушылар:

Чемпионатқа юниорлар командалары - кәсіби оқу орындарының студенттері, сонымен қатар 25 жастан жоғары емес барлық ниет білдіруші жастар қатысады. Чемпионатқа түрлі ведомствалық есеп беруге міндеттілердің кәсіби дайындық курстарының курсанттары мен тағылымгерлері, жас мамандар, білім ұйымының (балабақшаның, мектептердің, колледждердің және т.б.) тамақтану қызметінің жұмыскерлерінің, өндірістік оқу шеберлерінің, тәлімгерлердің қатысуына жол беріледі.

Команда құрамы - 5 адам (менеджер, (команда басшысы, аспаз, кондитер, бармен даяшы).

Әр командада өтінімнің уақытылы берілуін қамтамасыз ететін, командаға және оның байқауға толық қатысуына жауап беретін **менеджер - консультант** болуы тиіс.

Шақырылғандар: Ақмола облысы білім басқармасының, "Нұр Отан" партиясының, "КӘСІПҚОР" ҰАҚ өкілдері, жұмыс берушілер, білім ұйымдарының басшылары, өңірлік Кеңестердің ТЖКО директорлары, кәсіби оқу орындарындағы жастар және балалар қоғамдық бірлестіктерінің көшбасшылары, жекешелендірілген түріне қарамастан, техникалық және кәсіби білім ұйымының жастар істері бойынша комитетінің (ТЖКО) басшылары, жастар қоғамдық қозғалысын дамытуға қызығушылық танытқан түрлі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өкілдері, БАҚ.

Юниорлар чемпионатының бағдарламасында:

- ✓ *юниорлар чемпионатының салтанатты ашылу рәсімі;*
- ✓ *командалық сайыс- "Ас дәмді болсы!" тақырыбы бойынша тақырыптық үстелдерді таныстыру;*
- ✓ *аспаздар арасындағы жеке сайыс (тақырыбы: «Қазақстанның ұлттық тағамдары»);*
- ✓ *даяшылар арасындағы жеке сайыс, үстел жасау, (майлықтарды бүктеу), клиенттермен сөйлесу мәдениеті;*
- ✓ *«Күміс табақ» даяшылар командасы үшін сайыс (табақпен 30 м жүгіріс);*

- ✓ кулинар өнері қатысушылар командаларына ілімдік және тәжірибелік викторинасы ;
- ✓ бармендер сайысы: «Денсаулық» коктейлін әзірлеу, (қатысушылар коктейль құрамына қажеттілерді өздері даярлап әкеледі, коктейль әзірлеуге 15-20 минут уақыт беріледі, коктейльді көрермендер мен қазылардың алдында даярлайды, коктейль жасаудың технологиялық картасы болуы керек), клиенттермен сөйлесу мәдениеті;
- ✓ арт-сынып (үйге тапсырма)
- ✓ «Қара жәшік» сыныбы бойынша жеке сайыс.

Командалық жарыстар

команда бір персонаға екі данада бірегей концепция бойынша 4 тағамнан "**Ас дәмді болсын!**" тақырыбы бойынша тақырыптық кешкі ас әзірлейді, **тақырыптық үстелде:**

- коктейль (фреш шырыны);
- салқын шайнама;
- негізгі тағам;
- десерт.

үстел тақырыбы: «Бір шаңырақ астында»

Назар аударыңыз! Барлық тағамдар технологиялық карталарымен болады.

Тағамға қажетті ингредиенттер мен ыдыстар курсанттар (орындаушылар) командасымен қамтамасыз етіледі.

Аспаз салқын шайнама мен негізгі тағамды әзірлейді.

Бармен коктейль (фреш шырыны) әзірлейді.

Кондитер десерт әзірлейді.

Даяшы тақырыптық үстелді таныстырады және әділ-қазылар алқасына қызмет көрсетеді.

Тақырыптық үстелмен таныстыру

Команда даяшысы тақырыптық үстелді 5 минут ішінде таныстырады, оның концепциясын түсіндіреді. Сонан соң бұл үстелде байқау қатысушыларының жұмысын бағалайтын сервис-қазылардың 2 мүшесіне қызмет көрсетіледі.

бағалау талаптары:

- ✓ үстел жасау (жалпы түрі, эстетика, дизайн, қолданыстағы стандарттар мен қызметтілігі);
- ✓ сыртқы түрі, даяшының формасы;
- ✓ үстел тақырыбын ашу;
- ✓ авторлық стиль, дизайн;
- ✓ идеяның түпнұсқалылығы;
- ✓ қызмет көрсету мәдениеті.

Әділ-қазылар алқасы байқауда ұсынылған тағамдарды келесі талаптар бойынша бағалайды:

- ✓ дайындалған тағамның кәсібилігі, рәсімдеудің жаңа элементтері;

- ✓ тағамдардың құрамы мен тартымдылығы;
- ✓ тағамдардың дәмдік сапасы мен биологиялық құндылығы;
- ✓ рәсімдеудің табиғилығы мен эстетикасы;
- ✓ санитарлық-эпидемиологиялық стандарттарды ұстану.

"қара жәшік" сыныбы бойынша жеке жарыстар:

Байқау қатысушыларына (команда мүшелеріне) нақты азық-түліктер жиынтығы беріледі. Нақты бір тапсырма мен уақыт (салат, десерт, коктейль дайындау, рәсімдеу тәсілдерін көрсету) беріледі.

Жеке кәсіби аспаптар мен құралдарымен байқау қатысушылары өздерін өзі қамтамасыз етеді!

Әділ-қазылар алқасы әр байқауда бағалайды:

- жұмыс эстетикасы мен байыптылығы;;
- азық-түліктердің үйлесімділігі;
- жұмыстың жылдамдығы мен анықтығы;
- дайындау кәсібилігі;
- санитарлық нормаларды ұстану;
- техникалық қауіпсіздікті ұстану;
- мәдениеті, сыртқы түрі, кәсіби шеберлігі.

Аспаздар арасында жеке жарыстар:

Салқын шайнаманың немесе негізгі ыстық тамақтың дайындалуы:

- жеке берілетін еттен, құстан немесе балықтан әзірленген негізгі ыстық тағам (тағам 2 данада: 1 – экспозицияға, 2 – қазылар бағасы үшін);
- жеке берілетін салқын шайнама (шайнама 2 данада: 1 – экспозицияға, 2 – қазылар бағасы үшін).

Байқау шарттары:

Салқын шайнама және негізгі ыстық тағам әзірленгеннен кейін қазылар алқасына көрсетіліп, бағаланады.

Тағамдардың екінші данасы экспозицияға қойылады.

Әр тағамға қолданыстағы талаптарға сәйкес рәсімделген техникалық-технологиялық картасы ұсынылуы керек.

Арт-сынып санаты

Аспаздар, кондитерлер мен бармендер азық-түлік тағамдарынан бос тақырыпта композицияларын, кулинарлық өнімдерін немесе коктейльдерді (фреш шырындары) таныстырады.

Жарыстың өзіндік түрлері сыныптарға бөлінеді:

- азық-түліктерден көркем өнімдер (композициялар, панно, суреттер);
- бұқтырылғын нанмен көркемөнерпаздар жұмысы;
- жемістер мен көкөністер карвингі;
- коктейльді рәсімдеу дизайны.

Қатысушыларға қойылатын талап:

ресми жарыстарда команда байқауларын өткізу кезінде команда қатысушылары екі түрдегі кәсіби киімде болуы керек: мерекелік және жұмыс.

Чемпионатқа қатысу үшін:

1. Өтінім 2016 жылдың 15 қарашасына дейін Ұйымдастырушы Комитетке оқу орны делегациясы немесе өңірден делегация басшысымен (менеджер) қоса құрамында 5 адамы бар топ чемпионатқа қатысуға өтінім беруі тиіс.

2. Команда портфолиосын әзірлеп, ұсыну керек:

- куинарлық өнер саласында жетістіктерін көрсететін оқу орнының, қоғамдық ұйымның қызметі туралы электрондық қондырғыда ақпарат (баспасөз-релизі);

- чемпионат қатысушыларының (кәсіби сападағы жеке фотолар (жоғары сападағы сандық фото) қызметін көрсететін фотоматериалдар;

- нақты істер, акциялар, жобалар, ұйым жетістіктері туралы бейне материалдар (слайд-презентация);

- көрме материалы

3. Болашақ куинарлардың, кәсіпқойлардың оқу орны немесе қоғамдық бірлестіктегі қызмет спецификасын көрсететін команда символикасы (формасы, эмблемасы, ерекше белгілері, ту және басқ.) болуы тиіс.

4. чемпионаттың салтанатты ашылу рәсіміне "визит карточкасы" түріндегі жас куинарлар командасының презентациясы (регламент 3 мин).

5. концерттік бағдарламаға көркем қызметтің номері.

6. Әрбір делегация қолма қол есепсіз 35 000 теңге көлемінде ұйымдастырушылық жарна төлейді.

7. Бір қатысушының тамақтану бағасы 800 теңге, бір қатысушы мен оның басшысының тұру орнының бағасы тәулігіне 1000 теңге.

Төлем мына реквизиттер бойынша қолма-қол ақшасыз жүргізіледі:

"Жұлдыз" балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы "ҚБ

020000, Көкшетау қ., Абай к-сі, 112а, 207-каб.

Код 18

БИН 040840005670

ЖСН 980341000711

ЖСК К2 276010321000017832

БСК Н8ВК2ЖХ

«Қазақстан халық Банкі» АҚ Ақмола ОФ, Көкшетау қ.

КНП 589

Төлем құжаттарының көшірмесі чемпионатқа келген күні Ұйымдастырушы Комитетке ұсынылуы қажет.

төлем чемпионатқа қатысуға келген күні "Жұлдыз" БҚҰО ҚБ есеп бөліміне қол-қол қаражатпен жүргізілуі мүмкін.

**2016 жылдың 11 қарашасынан кешіктірмей 8 (7162) 502591, 72 12 26
тел/факсы бойынша хабарлау қажет.**

Ұйымдастырушы комитет